

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Қаражігітова Клара Нурмағанбетқызының 80 жылдығына арналған
«МҰҒАЛІМ БЕЙНЕСІ – ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
международной научно-практической конференции
«УЧИТЕЛЬ – ВЫСОКОЕ ПРИЗВАНИЕ»
посвящённой 80-летию Каражигитовой Клары Нурмаханбетовны


A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
of the international scientific-practical conference
«THE TEACHER IS HIGHER VOCATION»
which dedicated to the 80th anniversary of
Karazhigitova Klara Nurmakhanbetovna

II БӨЛІМ

Шымкент-2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY



Қаражігітова Клара Нұрмағанбетқызының 80 жылдығына арналған
«МУҒАЛІМ БЕЙНЕСІ – ҰЛТ МӘРТЕБЕСІ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ
международной научно-практической конференции
«УЧИТЕЛЬ – ВЫСОКОЕ ПРИЗВАНИЕ»
посвящённой 80-летию Каражигитовой Клары Нурмаханбетовны

A COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES
of the international scientific-practical conference
«THE TEACHER IS HIGHER VOCATION»
which dedicated to the 80th anniversary of Karazhigitova Klara Nurmakhanbetovna

II БӨЛІМ

Шымкент – 2019

Кыракулова А.М., Пердалнева Л.У. REALITIES AS A LINGUISTIC PHENOMENON.....	366
Нұралыева А.Ж. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	371
Садібекова Э.С., Колесникова Н.В., Жунисбекова Ж.А. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УРОКОВ МАТЕМАТИКИ В МЛАДШИХ КЛАССАХ.....	375
Стычева О.А. ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ОБЛАСТЬ «ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА» В АСПЕКТЕ ИННОВАЦИЙ.....	380
Кемелова Қ.Ш. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР - БАБАЛАР МҰРАСЫ.....	386
Өскенбаева Ж. АҚЫНДЫҚ ПЕН АЙТҚЫШТЫҚТЫ ҰШТАСТЫРҒАН ДАРЫН.....	388
Кемелова Қ.Ш. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	393
Ахмет М.А. АҒАШ БҰЙЫМДАРЫН ӨНДЕУ ЖӘНЕ АҒАШТАН ЖАСАЛҒАН АСТАУЛАР.....	397
Жұмашова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҒАШ ӨНДЕУ ӨНЕРІ.....	400

Мақаламызға арқау болған астаулардың алғашқы түрлерінің көлемі өте үлкен болған. Қазір осы астаудың көлемі кішірейіп, оны көркемдеп, жиегіне ою-өрнек ойылып безендіру дәстүрі қалыптасқан.

Бүгінде қолөнер шеберлерінің қолдан жасалған ұлттық ыдыс-аяқтарына қызығушылық артуда. Әсіресе, той-мерекелерде астау-табақпен ет тарту жақсы үрдіске айналды. Қазақтың етке арналған үлкен астаулары расында әсем көрінеді. Кейінгі кездері осы дәстүрді ұстанатын отбасылардың қатары көбейіп, ағаш бұйымдарды күнделікті тұрмысына қолдана бастағаны қуантады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпақов К. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. — Алматы: Қазығұрт.
2. А. Нәлібаев «Ағаш ою» Алматы «Өнер» 1994 жыл.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 5-том. — Алматы, РПҚ (Слов), 2013. — 756-б.)
4. С. Жетібаев Ж. «Қазақ Петроглифтері». Алматы 2005 ж.
5. Арғынбаев Х. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы 1987ж.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҒАШ ӨНДЕУ ӨНЕРІ

Ақлима Жұманова

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің бөлім меңгерушісі.
Шәуілдір селосы, Түркістан облысы, Қазақстан.

Резюме.

В данной статье автор подробно пишет об уникальных экспонатах, которые выставлены в Оtrarском государственном археологическом музее. Рассматриваются все виды изделий из дерева: история, их создания, предназначение и т.д.

Summary.

In this article, the author writes in detail about the unique exhibits that are exhibited in the Otrar State Archaeological Museum. All types of wood products are considered: history, their creation, purpose, etc.

Қазақ халқы өз тұрмысына керек заттардың бәрін қолөнері арқылы жасады. Қазақ халқының қолөнер шеберлері өзінің тұрмыс-тіршілігін, қоршаған дүниені, әсемдікті қолөнерде көрсете білді. Халқымыздың тұрмысында күні бүгінге дейін сақталып келген тұрмыстық бұйымдар, ұлттық қолөнеріміздің озық үлгілері өте көп. Солардың бірі қазақ халқының күнделікті тұрмысқа қажетті ағаштан жасалатын бұйымдары болып табылады. Ағаш шеберлері еңбек құралдарынан бастап үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап, көркемдеген. Ағаш өндеуді кәсіп еткен шеберлерді олардың өндіретін бұйымдарына орай ерші, үйші, арбашы, ұста деп даралады. Аталған бұйымдар жеңіл әрі ықшам етіп, көшпелі тұрмысқа бейімделіп жасалды.

Ағаш ою өнері Отырар өңірінде ертеден ақ дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған ағаш тақтайлар, тарақ тәрізді заттар арқылы белгілі. Отырар алқабындағы ескі Құрықтөбе қаласының қамалын қазып ашқанда, ортасында аумағы 157,5 шаршы метрге тең салтанат залы бар сарай кешені аршылды, ондағы табылған тақтайларды ерекше атауға

болады. Ойып өрнектелген ағаштар Сырдария қалалары тұрғындарының дүниенаным-сенімдері жөнінде өте бай мәліметтер береді[1].

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында орналасқан Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында ағаштан жасалған бұйымдардың бірнеше түрі сақталған. Атап айтатын болсақ,

Кебеже. Ағаштан жасалған бұйымдардың кең таралған түрлері кебежелердің кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерде бірдей әдіспен төрт қабырғасы, түбірі мен қақпағы, төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріліп жасалғанымен, кей аймақта қазықтар арқылы доғаланып, тік бұрышты болып иілген кәсек тәрізді жақтаулы әдіспен құрастырылып, екі көзді көші қиға лайықталып төрт құлақты үлгіде жасалынған. Кебеже азық-түлік сақтауға арналып ағаштан ойып жасалған. Отырар қорық - музейі қорында кебежелердің бірнеше түрі бар, оларға тоқталатын болсақ, кебеженің мына бір түрі бетіне екі жерден ірі төрт құлақ өрнегі, келесі түрі бетіне шеңбер ішіне қошқар мүйіз өрнегі түсірілген түрі, жақтаулары қошқар мүйіз өрнектерімен көркемделген. Кебеженің келесі түрі ағаштан жасалған, оймыш тәсілімен. Алдыңғы бет бөлігінің шетіне қошқар мүйіз, бес төрт бұрышқа бөлінген гүл өрнегінің бесеуі түсірілген. Беткі бөлігі қоңыр, екі жақтауы жасыл бояумен боялған. Бетіне қақпақ орнына екі тақтай қойылған. Бетіне өсімдік тектес - қосгүл, үшгүл ою-өрнектері түсірілген келесі кебеженің биіктігі-49 см, ені-43 см, ұз-83 см. Кебеже XX ғ. тән. Отырар музейіне өлкетанушы Жұмашев А. Созақ ауданы, Энгельс ауылының тұрғыны Зергер Токишев Тажбеннің ұлы Токишев Әділбайдан алып өткізген. Бетіне жоғарғы, төменгі шеттеріне ағаштан ойылып қошқар мүйіз ою-өрнегі түсірілген ортасына төрт бұрыш ішіне түйе табан ою-өрнегі түсірілген. Олардың арасына тұмарша ою-өрнегі түсірілген тура ортасына күн бейнесі тәрізді космогониялық ою-өрнектер түсірілген[2].

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорындағы сүйектелген кебежелерге тоқталатын болсақ, олардың бірнеше түрі бар. Аса көңіл аударатын дүние ағаштан жасалған беті сүйектелген кебежелер, аталған кебежелерді сипаттар болсақ, кебеженің мына бір түрі алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жонылып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасына ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған. Оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйекпен ойып жасаған, оюлар кебеже бетіне шегелермен шегеленген. Өлшемі: ұзындығы 47 см, ені 74 см. Сүйектелген кебеженің келесі түрі беті түгелдей әр түрлі фигуралар формасына жойылып өрнектелген сүйек әшекейлермен жабылған, кебеже бетіндегі оюлар күміс шегелермен шегеленген. Өлшемі ұзындығы 47 см, ені 80см.

Ер - тұрман. Көшпелілер үшін көліктің негізгі түрі салт ат болғандығы тарихтан белгілі. Сондақтан ер тұрман жабдықтарының алатын орны ерекше. Оған ертедегі көшпенділерден қаған мәйітті жерлеу құрылыстарына жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында табылған ер тұрман қалдықтары мен жартасқа салынған бейнелері дәлел бола алады. Жазба деректер мен музей коллекцияларына сүйенетін болсақ, олардың арасынан кең

таралғандары қазақ ері, шошақ бас ер, құранды ер, қозы құйрық ер. Ел арасында кең тарағандары Х.Арғынбаевтың зерттеулері бойынша қазақ ері Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Ақтөбе, Алматы облыстарын қамтиды. Қазақ ері қайыңнан шабылып, екі қас, екі қаптал, орта ағаш деп аталатын бөлшектерден қосылады. Ал, шошақ бас ер 4-5 бөлек қайың, қарағаш немесе емен сияқты берік ағаштаран жасалынады. Ердің бұл түрі еліміздің оңтүстік, оңтүстік шығыс аймақтарында көптеп кездеседі. Ердің келесі түрі құранды ер бірнеше бөлік ағаштардан құралып жаслатындықтан құранды ер деп аталады. Көбінесе Оңтүстік өңірінде, Қарағанды облысының шығыс жағы, Алматы облысында көп кездеседі. Құранды ерді жасау үшін терек, жиде, тал сияқты жұмсақ, мықты ағаштарды пайдаланады. Құранды ерлерді 18 бөлек ағаштан кейде одан да көп бөлшектерден желімдеп құрастыратын. Бұған түрлі жеміс ағаштары, қарағаш, терек, қара тал мен тораңғыл т.б. ағаштар жарай береді. Ерді жасағанда жарылған жерлеріне малдың сіңірін кептіріп, жүн түтегендей түтетіп, оны желімдеп жаққан. Бұрынғы уақытта желімді сиырдың мүйізі мен терісінен қайнатып жасайтын. Желім жағылған ерді көлеңкеде кептірген, ал түтелген малдың сіңірін ағаш мықты қалпын сақтау үшін жаққан. Халық қолөнері шеберлерінің жасаған таңғажайып заттарын зерттеу негізінде Отырар қорық-музейі қызметкерлері жүргізген этнографиялық экспедиция нәтижесінде ер жасаушы шебер ершілердің еңбектеріне зерттеу жүргіздік. Еңбек құралдарынан бастап үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. заттарды көркемдеп, жинап, сақтауда музей қызметкерлерінің еңбектері зор[3].

Адалбақан. XX ғ. тән. Ағаштан жасалып, ойып өрнектелген, бояу жағылған. Ұзындығы 2 м, 43 см, ені 12 см. Кісі басынан асатын жуан діңгектің бойы түгел ойылып, өсімдік тектес өрнектермен өрнектелген. Төменнен жоғары өрлеген сайын буындары сүйірлене келіп, бітер ұшына шалқалай туған ай суреті, ақ түсті металдан құйылып қондырылған. Металдан соғылған адалбақан ілгіштері пайдалануға қолайлы. Бақан бойына үш жерінен ақ түсті металмен белбеуленген доғалар орнатылған. Жоғары бөлігі қызыл, жасыл бояулармен боялған. Келесі адалбақан ағаштан жасалған. Үлкен бес, кіші төрт, ара-арасында шеті білезіктенген, бұнақтармен бөлінген гүл өрнегі, жоғарғы бөлігіне құс қанаты өрнегі ойылып салынаған. Үш үлкен бұнақталған бөлігіне сегіз ақ металдан жасалған ілгектер бекітілген. Биіктігі-2 м, 58 см.

Жүкаяқ сандықтың астына қоятын ағаштан жасалған жиһаз. Отырар музейі қорындағы XX ғ. тән ағаштан жасалған ұзындығы: 1м.08 см, биіктігі 48 см. ені 18 см болып келген жүкаяқтың беті тегіс қызыл бояумен боялып, үстіне қара және жасыл бояулармен боялған мүйіз құс қанаты өрнектері ойылып салынған. Артыңғы және артқы беттерінің арасы көлденеңінен төрт тақтаймен біріктіріліп жасалған. Осы тәрізді жүкаяқтың бірнеше түрі Отырар қорық-музейінің қорында сақтаулы.

Төсекағаш. Адамның жатып тынығуы үшін пайдаланатын ағаштан жасалған үй жиһазы. XX ғ. тән биіктігі 120 см. ұз. 190 см. болып келген Отырар музейі қорындағы мына төсек ағаштың екі басын трапеция түрінде

ойып жасап, төрт аяғы қысқа, жуан ағаштан бунақталып жасалған. Өрнектеліп ойылған ағаштарға, түрлі көлемде өрнектеліп кесілген ағаш бөліктері шегеленіп жапсырылған. Төсекағаштың бунақталған бөліктері қызыл, жасыл, сұр түсті бояулармен боялған. Төсекағаш үш бөлек ағаштан, екі басы мен ортасын қосатын жалпақ тақтайдан, екі арасын қосатын екі ұзын шабақтан тұрады, көлденең шабақтар үстіне ұзынан бірнеше тақтайлар салады. Төсекағаштың келесі түрі XIX ғ. тән ағаштан жасалып, ою-өрнек түсірілген. Ұз. 2 м, ені 1 м. Төсекағаш қайқыбас түрінде, жас жұбайларға арналып жасалған. Төсекті қатты ағаштан (қайың немесе емен) тегістеп, өңделген тақтайынан жасайды. Төсекағаш негізгі үш бөліктен төсектің басынан (жоғары және төменгі) қапталынан (алдыңғы және артқы) шабағынан тұрады. Төсекағаштың басы, аяқтары мен оған көлбей бекітетін жастықша бөлігі киюластырып біртұтас етіп дайындалған. Бетіне төртқұлақ, мүйіз ою-өрнектері екі шеңбер ішіне гүл өрнегі ойып салынған[4].

Халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар да дайындайтын болған. Астау, тостаған, табақ, ожаулардың әр түрін жасаған – бүйрек формалы қымыз ожаулар әр түрлі оюлармен безендірілген ұзын сапты ожаулар. Ыдыстардың аталған түрлері Отырар қорық-музейінің қорында көптеп кездеседі, атап айтатын болсақ әр түрлі көлемдегі табақтар мен тостағандар, сабында ою-өрнегі бар ожаулар, қымызға арналған бүйрек бас ожау. Ожаудың қай түрі болсын, мұқият өңделіп сырт пішіні әр түрлі жасалады. Халқымыздың қолданған ыдыстарының бірден-бір айырмашылығы оның көлемді келетіндігі мысалы бір қойдың еті түгел кететін астаулар болған. Ағаш ыдыстардың сыртына ою-өрнек түсірілген түрі сирек кездеседі, көбінесе ыдыстар қолға ұстауға жеңіл, әрі ыңғайлы етіп ояды. Әсіресе аяқ табақтардың қызға аранап жасалғаны күміспен нақышталады. Бұлардың барлығын жасау барысында шеберлер өздерінің тамаша өнерпаздығын көрсеткен[5].

Азаттықтың арайлы таңымен бірге бар мен жоғымызды түгендеп келер ұрпаққа аманаттау керектігі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасында айтылды. Осыған байланысты Отырар өңірінің мәдени мұрасын зерттеуде Отырар қорық-музейінің қызметкерлері өз үлестерін қосып келеді. Қолөнер бұйымдары ел тұрмысына сән беріп, адамдарға рухани ләззат әкелген, халық өмірмен бірге жетіліп келе жатқан өнер. Ертедегі ата-бабаларымыздың қолөнер үлгісін, шеберлігін сақтап қалып, кейінгі ұрпаққа жеткізу, үйрету бүгінгі таңда игілікті іс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпақов К., Нұржанов К. Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалалар. Алматы. 2001 ж. 39 б.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. 1962 ж. 92-97 б.
3. Тоқтабай А. Сейітқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. Алматы 2005 ж.
4. Тәжімұратов А. Шебердің қолы ортақ. Алматы. 1977 ж. 63-69 б.б.
5. Айтаханов Қ, Жұмашев А. Отырар жәдігерлері. Алматы 2005 ж.